

Сандықтау ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының, білім беру мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2025 жылғы 11 қыркүйектегі № 23/3 шешімі.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 15.12.2025 № 26/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес, Сандықтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сандықтау ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының білім беру мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі және мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 15.12.2025 № 26/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының төрайымы

Г. Мұстафина

Сандықтау ауданы
2025 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 23/3 шешіміне
қосымша

Сандықтау ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының білім беру мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі және мөлшері

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 15.12.2025 № 26/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сандықтау ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының білім беру мамандарына бюджет қаражаты есебінен (бұдан әрі - мамандар) коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау (бұдан әрі - әлеуметтік қолдау) көрсетіледі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 15.12.2025 № 26/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Әлеуметтік қолдауды тағайындауды уәкілетті орган – "Сандықтау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады.

2-тарау. Әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі

3. Әлеуметтік қолдау мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшылары бекіткен жиынтық тізімдердің негізінде мамандардан өтініш талап етпестен көрсетіледі.

4. Әлеуметтік қолдау екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы мамандардың дербес шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

3-тарау. Әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері

5. Мамандарға әлеуметтік қолдау жылына бір рет бюджет қаражаты есебінен 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.